

**2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақырылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 сәуірдегі N 963 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 25 мамырда N 5-11-153 тіркелді. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 1353 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Зайсан ауданы әкімдігінің 03.01.2013 N 1353 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуация мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 27, 28, 31 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 1 наурыздағы № 274 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес, Зайсан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай – ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру

ө т к і з і л с і н .

2. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Ауылдық округ әкімдеріне шақыруға жататын азаматтарды хабардар ету және аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

5. «Зайсан ауданының медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының директоры (Ж.Б. Тлеуберлин): ұсынылсын:

1) медициналық куәландыруды өткізу үшін қажетті мөлшерде дәрігерлер мен орта буын медициналық қызметкерлерін бөлу;

2) қосымша тексерілу үшін жатып емделетін, емдеу-сауықтыру мекемелерінде бос орындарды қамтамасыз ету;

3) мерзімді әскери қызметке шақыру өткеннен кейін, емдеуді қажет ететін әскерге шақырылушылардың тізімін және қай емдеу мекемелеріне тіркелгені туралы мәліметтерді беру.

6. Зайсан аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына (Ж. Жүрсімбаев) ұсынылсын:

1) шақыру медициналық комиссиясының жұмысы кезінде тәртіпті сақтау үшін полиция жасағын бөлу;

2) бұрын сотталған немесе жазасын өтеп жүрген, қоғамға жат әрекеттері мен қылмыстары үшін тергеуде жүрген, тіркелуге тиісті азаматтар туралы қорғаныс істері жөніндегі бөлімге хабарлау.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Д.И. Тожыбаевқа жүктелсін.

8. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Зайнулдин

«КЕЛІСІЛДІ»

Зайсан аудандық қорғаныс істері  
жөніндегі бөлім бастығы Ж. Толыбаев

26 сәуір 2012 жыл

«Зайсан ауданының медициналық  
бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорынының директоры Ж. Тлеуберлин

26 сәуір 2012 жыл

Зайсан аудандық ішкі істер  
бөлімінің бастығы Ж. Жүрсімбаев



7	Сарытерек ауылдық округі	17				X				
8	Шілікті ауылдық округі	22				X				
9	Зайсан қала округі	218	X	X	X	X	X	X	X	X
10	Барлығы	373	50	50	50	50	50	50	50	23

*Аппарат басшысы*

*Н. Қараталов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК